

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕРІ МЕН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ МОДЕЛІ

Шамбыл Қ.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан


2020 жыл адамзат тарихында ерекше оқиғаларға толы жыл болары анық. Иран мен АҚШ-тың саяси конфликтісі, Украина әуе компаниясының бейбіт авиарейсі ұшағының апаты, Австралия мен Калифорния ормандарының жаппай отқа орануы, АҚШ-тағы демократия институтының құлауы мен нәсілдік сипаттағы шерулері және де барша адамзаттың пандемия жағдайын кешуі – 1 ғана хронологиялық бірліктің ішінде орын алған оқиғалар. Жоғарыда аталғандардың арасынан жаһандық экономикаға, адамзаттың тұрмысына әсер еткен елеулі фактор – 2019 жылы Қытай Халық Республикасының Хубэй провинциясында COVID-19 жаңа коронавирустың пайда болуы. COVID-19 бүгінгі күнде әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық сфералардың барлық салалары мен принциптерін, концепциялары мен орындалу алгоритмдерін түбегейлі өзгертті деп атасақ қателеспейміз. Пандемияның экономикаға тигізген әсерін жан-жақты зерттеу өте ауқымды мәселе, сонымен қоса пандемия жағдайы әлі де қауіп төндіріп отыр, эпидемияның 2-ші толқыны болжамданып күтілуде. Сондықтан да аталған тарихи уақиғаның жаһандық экономика және бизнес аспектісі тұрғысынан әлемдік кооперацияға әсерін, жаһандық бизнестің жаңа жағдайларға бейімделу трансформациясына көңіл бөлемін.

Халықаралық валюта қоры мен Сауда мен дамудың БҰҰ Конференциясы (ЮНКТАД) зерттеуі бойынша 2020 жылы әлемдік ЖІӨ 4,3-4,9%-ға немесе Жапония мен Германияның экономикаларын қосқандағы шамаға төмендеуін, әлемдік сауданың 20%-ға, тікелей шетелдік инвестициялардың 40%-ға, ал халықаралық ақша ағындарының кем дегенде 100 млрд АҚШ долларына төмендеуін болжап отыр, және ескеретін мәселе: 2020 жылдың 3-ші,4-ші тоқсандарында пандемия қайтып өршімейді, карантин режимі қайта қойылмайды деген болжам негізінде құрастырылған зерттеу болып табылады. Алайда, маусым айында жасалған болжамның орындалуына үлкен күмән бар, себебі 2020 жылдың қыркүйек айында ЕуроОдақ мемлекеттері және Түркия


пандемияның екінші толқыны басталғанын жариялады, АҚШ пен Қытайда коронавирус жұқтырғандар арифметикалық прогрессиямен өсуде. Аталған факторлар коронавирус жағдайында жаһандық экономиканың жаңа болжамын әзірлеуі тиіс. Себебі АҚШ, Норвегия, Сингапур секілді дамыған мемлекеттер басшылығы мемлекеттік бюджеттің Орталық банк активтерімен және Ұлттық/резервтік қорлардың монетарлы құралдарымен бірге қосқанның өзінде, үкімет экономиканың орташа ЖІӨ көлемін тек 2-3 жылға ғана қамтамасыз ете алатындығын жариялаған. Қазақстан жағдайында бұл коэффициент 5 жылды құрайды, бірақ мұнда бюджет шығындарының кейбір баптары ескерілмеген.

Халықаралық валюта қоры мамандары коронавирус дағдарысының экономикаға тигізетін кері әсері «Ұлы рецессия» деп аталған 2007-2009 жылдардағы халықаралық қаржы дағдарысынан кемінде 2 есе ауыр болатындығы туралы болжамдайды, 2007 жылғы дағдарыстың шарықтау шегінде 2009 жылы әлемдік экономика ЖІӨ 1,7%-ға төмендеген, ал пандемия аяқталуының оптимистік сценарий жағдайында 2020 жылғы ЖІӨ кемуі 3%-ды құрайды. Рецессияға ұшырайтын 154 мемлекет тізімінде Қазақстан бар.


Пандемия жағдайында 21 ғасырдың, 2-мыңжылдықтың халықаралық қатынастар моделі – глобализация немесе жаһандану де-юре және де-факто қызметін тоқтатты. Глобалистік көзқарасқа ие болған мыңдаған экономистер, политологтар мен миллиондаған адамдар ендігі кезекте глобализмге қарсы национализм, еркін сауда моделіне қарама-қарсы протекционизм бағытына ауысты. Аталған құбылыстың пайда болуы сөзсіз еді, тек орынды уақытын адамзат күтті. БҰҰ-ның 1945 жылғы Ялта конференциясында бекітілген ұстанымы болып табылатын «барлық елдер өзара интеграцияланып, ғылым, білім, мәдениет, өнер салалары бойынша өзара толықтырып отыру қажет, бірақ әр мемлекет ең алдымен өзінің мемлекеттік мүддесі, соның ішінде қауіпсіздік, қорғаныс, тәуелсіздік пен территориялық тұтастықты басты назарға ұстауы тиіс» атты моделін ұмытқан сияқты мінез-құлық танытты. Жаһандану – заман талабы, алайда заманның өзі ауытқып отыруы әбден мүмкін, сондықтан да әр мемлекет «*Si vis pacem, para bellum* – бейбітшілікті қаласаң, соғысқа алдын-ала дайындал» атты концепциясын жаһандық экономикалық саясат жүргізуде қолдануымыз қажет. 1 қыркүйек күні Қазақстан халқына Жолдауында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан экономикасының пандемия жағдайында келесі проблемаларын ашып көрсеткендігі жайлы айтты: цифрландырудың төмен деңгейі, қарапайым заттар экономикасының тұралап қалуы, фармацевтикалық-медициналық препараттар саласының толығымен импортқа тәуелді сипатқа ие болуы, жоғарғы технологиялық өнімдер шығару мен өндірісті ұйымдастырудың инновацияларын енгізудің мардымсыз халде болуы. Мысалға келтіретін болсақ, коронавирус жағдайында үкіметтің халыққа ұсынған препараттары: ацетилсалицил қышқылы мен парацетамолдың жетіспеушілігі, күрделі ауруларға тап болған пациенттерге қажетті дәрі-дәрмек жеткізілуінің тоқталуы мемлекетте қарапайым заттар және ең қажетті тауарлар өндірісінің даму деңгейінің қаншалықты екенін көреміз. Коронавирусқа дейінгі халықаралық экономиканың қарапайым кооперация моделі:



Коронавирус пандемиясы жағдайында байқалған жаһандық экономика моделі:



Философиялық-эмпирикалық және аналитикалық-экономикалық пайымдауым бойынша, коронавирус пандемиясынан кейінгі экономикалық жағдайдағы жаһандық экономиканың халықаралық қатынастары моделі төмендегідей болуы мүмкін:



Жаһандық экономиканың бизнес-іскерлік трансформациясы жалпы бизнестің трансформациясына әкелді. 2020 жылы коронавирус пандемиясында

бизнестің трансформациясының жаһандану-национализм мен еркін сауда-протекционизм процесстерінің туынды келесі түрлері орын алды, бұлар:

- a) Цифрлық трансформация.
- b) Нарықтық бейімделушілік.
- c) Инновациялардың вертикаль-горизонталды аралас енгізілуі.
- d) Ғылым, бизнес пен биліктің үш шиыршық моделінде

институционалдық кластер құру.

COVID-19 пандемиядан зардап шеккен бизнес түрлері:

- a) Сыртқы сауда
- b) Транспорт
- c) Туризм мен рекреация
- d) Офлайн-сервистер

Дағдарыстан пайда көзін арттырған бизнес өкілдері:

- a) Электронды коммерция
- b) Онлайн ойын сервистері
- c) Медициналық-фармацевтикалық препараттар өндірісі
- d) Медицина, оның ішінде телемедицина
- e) Ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі
- f) Қаржы саласы

Қорытындылай келе, келесі тұжырымға келуге болады. Коронавирус пандемиясы жаһандық бизнесті, оның ішінде халықаралық іскерлік кооперация мен кәсіпкерлік жүргізу модельдерін трансформациялауға себеп болған жоқ, алайда қажетті трансформацияның дамуының катализаторы эффектісін жүзеге асырды. Бизнес-іскерлік трансформация 2020 жылғы бүкіләлемдік рецессиядан минималды шығындармен максималды оңтайлы нәтижеге қол жетуге мүмкіндік береді. Дегенмен, коронавирус дағдарысы бұрын өткен дағдарыстарға мүлдем ұқсамайды. Карл Маркстың дағдарысты жеңуде ұсынысты арттыру немесе Джон Мейнард Кейнстің дағдарысты жеңуде сұранысты арттыру моделі тиімсіз. Себебі сұраныс пен ұсыныс константа көрсеткішке ие болды, қандай іс-шаралар жүргізілсе де, тұтынушылар тек қажетті Гиффен тауарларын бірінші кезекте сатып алады. Екінші айырмашылығы, аталған дағдарыс экономиканың нарық фиаскосынан емес, мемлекеттің әдейі жүргізілген карантин режимін енгізуден пайда болды. Әрине, 2020 жылғы рецессия әлі аяқталған жоқ, оның салдары мен шығу жолдары да толық зерттелмеген. Алайда, бұл дағдарыстан Қазақстан мен барша адамзаттың аман-есен шығуына мен кәміл сенемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. [URL]: [электрондық ресурc]<https://www.forbes.ru/biznes/395525-ekonomika-straha-kak-koronavirus-izmenit-biznes-i-potrebiteley>